

## Ақжар ауылының тарихынан

Халқымызда «Ұлтарақтай болсада ата қоныс жер қымбат, ат төбеліндей болса да туып өскен ел қымбат» деген қанатты сөз бар. Бұл, әр адамның туған өлкесі, өніп өскен жері өзіне ерекше қымбат екендігін білдіреді. Менің туған өлкем Ақжар ауылы туралы да осылай айтқым келеді.



Әр өлкенің, әр ауылдың өзіндік табиғи және тарихи даму ерекшеліктеріне орай оны мекендеген халықтың, өзіндік дәстүрі мен мәдениеті, тарихы мен шежіресі және әлеуметтік, экономикалық сипаты мен сапасы қалыптасады. Ақжар ауылы, еліміздің Шығыс өңірінің оңтүстік - шығысындағы Тарбағатай тауы жоталары мен Зайсан қазан шұңқыры арасында орналасқан іргелі, ауыл, Тарбағатай ауданының ең үлкен елді мекені, 1997 жылға дейін аудан орталығы болған үлкен ауыл. Ақжар атауы, ауылдың батысындағы **ақ топырақтан түзілген ақжардың** орналасуына орай қойылған.

Шежіре жүйесі бойынша ауылды, орта жүз Найман елінен тарайтын, Байжігіт баба ұрпағы Жұмық пен Саты бабаларымыздың ұрпақтары мекендейді. Бұл жер әйгілі батыр бабаларымыз Қаракерей Қабанбай мен оның рулас інісі және қарулас серігі Саты ұлы ер Дәулетбай батырлардың ат тұяғы тиген жер және Дәулетбай батырдың туған жері. Ауылдың көгалында ағып жатқан **Қандысу** өзенінің атауы, сол жоңғар шапқыншылығы кезіндегі қанды шайқастан, өзеннің қанға толып аққандығына орай қойылған дейді аңызда.

Ақжар ауылының іргесі 1922 жылы қаланып, одан арғы тарихы 1928 жылы құрылған, Тарбағатай ауданының тарихымен тығыз байланысты. Осы жылы «Аудандық Кеңес атқару комитетінің» шешімімен аудан орталығы- **«Культпункт» -Ақжар** деп бекітіледі.



Содан бергі ғасырға жуық уақыт ішінде, әр қилы да, қиын заман кездерінде Ақжар ауылы аудан өмірінде жетекші орында болып, ауданның жан - жақты дамуына қомақты үлесін қосып келеді. 2013 жылы Ақжар және Жәңтікей ауылдары Тарбағатай ауданының тірек ауылдары жобасына енгізілді. Бүгінде Ақжар ауылы аймағына Ақжар, Жаңалық, Жаңатілеу, Сағындық елді мекендері енеді. Аймақтағы халық саны сегіз мыңға жуық. Ақжарда алты мың екі жүз халық, мың жарым

үй бар.

Көптеген әлеуметтік нысандар орналасқан: Мәдениет үйі, кітапхана, аурухана, ауданаралық туберкулезге қарсы аурухана, ауданаралық қарттар үйі, балабақша мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған оңалту орталығы және үш орта, екі спорт, бір музыка, бір өнер мектептері жұмыс жасауда.



Осы мекемелердің ішінде **1927 жылы құрылған Абай атындағы орта мектебінің** орны ерекше Тарбағатай ауданының білім академиясына айналған мектепте: аудан, облыс және еліміз бен әлемге әйгілі болған бірнеше тұлғалар білім алды, қызмет атқарды. Атап айтқанда ауданда тұңғыш «Ленин» орденінің иегері атанған Смағзам Шомбин, халық қаһарманы

Қасым Қайсенов, Мұхтар Әуезовтың шәкірті болған танымал ұстаз Егінбай Ақашев, халық мұғалімі Қанипа Бітібаева. Қасым атамыз Абай мектебінде II-ДЖС жылдарының алдында

мектеп директоры болған деген дерек бар . 2017 жылы Абай атындағы орта мектебіне 90 жыл толды.

Ақжар ауылы, мәдени болмысы мен рухани деңгейі жоғары ауыл. Бұған дәлел Ақжар Мәдениет Үйінде құрылған **«Ақжар халық театры»** ұжымының , 1962 ж Алматы қаласында , республика бойынша 40-қа жуық халық театрлары арасында өткен сайыста I - орын алып, КСРО астанасы Мәскеу қаласында өнер көрсетуге жолдама алған. Халық театры 1963 жылы қазан айында Кремль сахнасында М.Әуезовтың **«Қаракөз»** және Шыңғыс Айтматовтың **«Жәмилә»** атты спектакльдерін сәтті қойған. **«Ақжар халық театры»** Одақ орталығы Мәскеуде өнер көрсеткен тұңғыш селолық театр. Осы айтулы шара туралы сол кездегі облыстық мәдениет басқармасының басшысы Оралбек Малдыбаев



**«Ақжардан-Москваға»** атты кітап жазды, **«Ақжар - Москва»** деректі фильмі шығарылды. Бүгінгі күнде де Ақжар Мәдениет Үйі жыл сайынғы өтетін дәстүрлі аудандық шығармашылық есеп беру байқауында аудан бойынша үнемі бас жүлдеге ие болып келеді. Өз басым осы мәдени шараларға үнемі қатысып келемін. 2003 жылы әйгілі

**«Ақжар - Москва»** сапарының қырық жылдық мерейтойында қойылған М.Әуезовтың **«Қаракөз»** спектакльінде Сырым батырдың ролін сомдадым.

Ауылымыздың көркі **«Байжігіт баба» атындағы мешіт** 1995-99 жылдары халық қаражатына тұрғызылып, бүгінде күрделі жөндеуден өткізілді. Жыл сайын ауылымыздан, қажылық сапарға аттанған адамдардың қатары көбейіп келеді. 2016 жылы мешіт жанынан тұрғызылған үлкен қатымхана ашылды . Биыл 2021 жылы 9 маусымда мешіт қасында бой көтерген жаңа медресенің ашылуы болып , салтанатты шараға Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы қатысты . Осылайша ауылымызда тағы бір жаңа ғимарат пайда болды.



Ақжар аймағы қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер және пайдалы қазбалар мекені. Осыған орай **1968 жылы «Тарбағатай мемлекеттік қорықшасы»** құрылған. Қорықшадағы ерекше пайдалы қазбаның бірі ол, ауылдан солтүстік шығысқа қарай 13 шақырым жерде, Маңырақ тауының Зайсанға иек артқан тұсында орналасқан бітімі бөлек, жеке тұрған **Толағай тауының** күнгейіндегі, **цеолит және бентонит** топырағының қоры. Қазір

Ресей еліне тасмалдануда, алдағы уақытта аймақта осы пайдалы қазбаны өндіретін зауыт салу жоспары бар . Бұл іс облыстың индустриалды - инновациялық даму картасына енді. Халыққа осы сала бойынша қызмет көрсету мақсатында 2015 жылы ауылда кірпіш және сүт зауыттары ашылып, бүгінде өз өнімдерін шығаруда. Ал жоғарыда аталған Толағай тауы, еліміз бойынша басқа аймақтарда орналасқан Толағай атты таулардан әлде қайда биік, үлкен тау . Биіктігі 550,4 м. Осы тау туралы қазақ әдебиетінде танымал ақын Ә. Тәжібаев поэма жазған.

Тарбағатай ауданының орталығы болған тарихи мекен, туған ауылымыз Ақжарға көптеген тарихи тұлғалар мен танымал адамдар келген. Олар Дінмұхамед Қонаев, Қаныш Сәтбаев, Қасым Қайсенов, Жақсылық Үшкөмпіров , Олжас Сүлейменов , Алтай



Аманжолов, Сәбит Мұқанов , Қабдеш Жұмаділов, Қадыр Мырза әли, Мұстафа Өзтүрік және танымал әнші Нұрғали Нүсіпжанов .

Ауылымызда 2006 жылы «Ақниет» атты аталар мен әжелер отауы құрылып, ауылдық ақсақалдар алқасымен бірлесе жұмыс жасап келеді. Бұл істі ұйымдастырған ата-апаларымыз Т.Халықов, Ә.Масалов, С.Малғаждарова.

Ал жастар ісі бойынша, мемлеттік жастар саясатын жүзеге асыру мақсатында жыл сайын ауданда жастар форумы өтеді. Бұл бағытта Ақжар ауылында 2007 жылы «Толағай» атты жастар қоғамдық бірлестігі құрылып бірнеше облыстық, аудандық әлеуметтік жобалардың ұтыскері болып, жастар арасында көптеген іс-шаралар өткізіп келеді.

2012 жылы ауыл, аймақтарды абаттандыру мен көгалдандыру жоспары бойынша Ақжар ауылы, облыс бойынша «Үздік ауыл» атанса, 2014, 2015 жылдары аудан бойынша «Үлгілі ауыл» атағын жеңіп алды. 2015 жылы Қазақ хандығының 550 жылдығына орай ауылымызда батыр бабамыз Дәулетбай батырдың зәулім ескеркіші бой көтеріп, республикалық деңгейде ақындар айтысы мен бәйге өткізілді.

Ал 2020 жылы тәуелсіздік күні, бюджет есебінен көп балалы және аз қамтылған отбасыларға жаңадан салынған 30 ға жуық арендалық тұрғын үйдің кілті табыс етілді

Заман талабына сай бүгінде фейсбук желісінде, 2020 жылдың қараша айында , ауыл тумасы Гүлбаршын Тоқтасынқызының ұйымдастыруымен «Ақжар тумалары » атты топ құрылған . Топ мақсаты әр жерде жүрген Ақжар тумалары, өздерінің өткен естелік тарихы және бүгінгі табыстарымен топта бөлісіп отырады. Бұл туған ауылымыз туралы мол ақпарат алуға өз көмегін беруде.

Міне ауылымыздың кешегі мен бүгіні осындай оқиғалардан тұрады. Туған ауылым туралы сөзімді «Ақжарым-ай» атты ән сөзімен аяқтаймын.

#### **Ақжарым-ай**

Әні мен сөзі Адалбек Құнанбаевтікі

Алыстан аңсап келем,

Достарым сенерім сен.

Ауыл шетін көргенде,

Жусан исін сеземін.

Жайқалған құрағым,

Сылдырлаған бұлағым.

Шетте жүріп өзіңді,

Сағынып мен тұрамын.

Қайырмасы :

Ай , Ақжарым - ай,

Көк жусанның иісін - ай.

Толағайдың аясында,

Баурап жатқан ауылым – ай.

Туған өлкем,

Басқа жерден, зор болған-ай

Сауыр – Сайқан Толағайым,  
Ауылымда мол ағайын.  
Әнімді арнап өздеріңе  
Сағыныш пен оралайын

Кіндік кескен Ақжарым-ай,  
Арайлаған таңдарым –ай.  
Қымбат маған әрбір тасың,  
Әнімді саған арнадым –ай

Қайырмасы :

**Пайдаланылған әдебиеттер :**

1. Ә.Қайырбаев . С.Тыныбаев Барқытбелдің баурайында Өскемен қ 1998ж
2. Ж.Ерғали . Ш.Көпшікбаева Тарбағатай 80 жыл Энциклопедия Өск қ 2008ж
3. Ж.Қарымсақұлы Ақжар өңірінің тарихы Менің өлкем газеті 5.09.2013ж
4. Көнекөз қарттар мен Ақжар тарихын білетін адамдармен сұхбат .
5. Фейсбук желісінде « Ақжар тумалары » тобы



Қабидолдин Қуаныш Тілеуханұлы

Туған жылы : 10 маусым 1979 ж

Туған жері : ШҚО Тарбағатай ауданы Ақжар ауылы

Қызметі : Ақжар ауылы Абай атындағы орта мектебінің шебер педагог санатындағы тарих пәні мұғалімі , магистрант .

Байланыс телефондары : 8 705 501 60 79 ватсап 8 775 182 74 33

Эл.пошта : kabidoldin@list.ru

Жетістіктері : Тарихқа толы Тарбағатай , Тарбағатай - Барқытбел : тарихыңды тани жүр атты кітаптар мен көптеген жинақтарға мақалалары жарияланған . Тарбағатай ауданының алғашқы білім ордасы Абай атындағы орта мектебінің 90 жылдығына арналған «Сан қыранды самғатқан алтын ұя » атты кітаптың құрастырушы редакторы . Оқушылары аудандық , облыстық, республикалық және халықаралық пән сайыстарының жүлдегерлері . Өлкетану пәніне арналған «Тарбағатай тарихы » авторлық бағдарламасының авторы . « Қазақстан ұстазы » төсбелгісі және « Абай атындағы орта мектебіне 90 жыл » медалының иегері . Аудандық тарих пәні мұғалімдері шығармашылық тобының алқа мүшесі . Аудандық қоғамдық бақылау кеңесінің мүшесі .



1992жыл Ақжар аэропорты .

Мұстафа Өзтүрік 1 қатарда ортада тұр

Мұстафа Өзтүрікті қарсы алу.

Мұстафа ортада костюм галстукпен тұр



